Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

«Қазалы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» КММ (БСН: 180140014395) ұйымдастыруымен өткізілген хабарландыру №5566610-1 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша конкурсқа шағым білдіремін.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №43212405-ГС31 мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес, дұрыс балл берілмеген.

Біріншіден, **Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі бойынша:**
1. "QAZAQSTAN JASTARY" ҚҚ – техникалық ерекшелікке қосымша **енгізбеген**, 1 балл берілу керек.
2. "ҚАЗАЛЫ-ЖОМАРТ" ҚБ – техникалық ерекшелікке қосымша кең көлемде **30 іс-шара** енгізген, 2 балл.
3. "Қазалы ынтымағы" ҚБ –техникалық ерекшелікке қосымша **4 іс-шара** енгізген, 1 балл берілу керек.
4. "САУАЛ" ҚБ – техникалық ерекшелікке қосымша **енгізбеген**, 1 балл берілу керек.
5. "Қазақстан жастар фракциясы" ҚҚ –техникалық ерекшелікке қосымша **енгізбеген**, 1 балл берілу керек.

Екіншіден, «ҚАЗАЛЫ-ЖОМАРТ» ҚБ **егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) 6 балл берілу керек, аталған конкурсқа қатысушылардың егжей-тегжейлі іс-шаралар** жоспарларынан «ҚАЗАЛЫ-ЖОМАРТ» ҚБ-ның жоспары кең көлемде қамтылғанын көруге болады.
1. "QAZAQSTAN JASTARY" ҚҚ – техникалық ерекшелікке қосымша **2 іс-шара** енгізген, 3 балл берілу керек.
2. "ҚАЗАЛЫ-ЖОМАРТ" ҚБ – техникалық ерекшелікке қосымша кең көлемде **30 іс-шара** енгізген, 6 балл.
3. "Қазалы ынтымағы" ҚБ –техникалық ерекшелікке қосымша **5 іс-шара** енгізген, 3 балл берілу керек.
4. "САУАЛ" ҚБ – техникалық ерекшелікке қосымша **2 іс-шара** енгізген, 3 балл берілу керек.
5. "Қазақстан жастар фракциясы" ҚҚ –техникалық ерекшелікке қосымша **2 іс-шара** енгізген, 3 балл берілу керек.

Үшіншіден, «САУАЛ» әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» ҚБ-на артық балл есептелген, оның ішінде:

- жұмыс тәжірибесіне (3 жыл) 2 балл берілген,

Конкурстың 6-қосымшасы. Біліктілік туралы мәліметтердің типтік формасы бойынша әрбір **жұмыстың орындалу актісі мен шот-фактуралары** жұмыс тәжірибесінің растаушы құжаты болып табылады.

Ал, «САУАЛ» әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы» ҚБ жұмыс тәжірибесіне:

1. «Организация услуги по социальному проекту «10 летие – газеты Қазалы» на 2019 год» бойынша:

Растау құжаттарының электрондық көшірмесіне (сілтеме) - 892000тг көлеміндегі келісім шарт ғана енгізген. (Куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлігіне 892000тг көлеміндегі шот-фактура енгізген, жұмыстың орындалу актісі мүлдем енгізілмеген).

2. 2018 жылға «Әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық-саяси ахуалын, халықтың көңіл- күйіне талдау жүргізу» бойынша:

Растау құжаттарының электрондық көшірмесіне (сілтеме) –1470000тг қосымша келісім шарт енгізген. (Куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлігіне 1470000тг көлеміндегі шот-фактура енгізген, жұмыстың орындалу актісі мүлдем енгізілмеген).

3. 2019 году «Рассмотрение душевное состояние народа через социальной сети» социальное услуги бойынша: бойынша:

Растау құжаттарының электрондық көшірмесіне (сілтеме) - 804000тг көлеміндегі келісім шарт ғана енгізген. (Куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлігіне 101282тг көлеміндегі шот-фактура енгізген, шарттың сомасымен сәйкес келмейді және жұмыстың орындалу актісі мүлдем енгізілмеген).

4. 2020 жылға«Үкіметтік емес ұйымдардың дамуына ықпалету және үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық-ресурс орталығын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы бойынша:
Растау құжаттарының электрондық көшірмесіне (сілтеме) - 999900тг көлеміндегі жұмыстың орындалу актісі ғана енгізген. (Куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлігіне 1541613тг көлеміндегі шот-фактура енгізген, жұмыстың орындалу актісінің сомасымен сәйкес келмейді).

5. "Қазалы ауданы бойынша 2020 жылы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру"қызметі бойынша:
Растау құжаттарының электрондық көшірмесіне (сілтеме) - 4585000тг көлеміндегі жұмыстың орындалу актісі ғана енгізген. (Куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлігіне 5673172тг көлеміндегі шот-фактура енгізген, жұмыстың орындалу актісінің сомасымен сәйкес келмейді).

6. «Қоғамдағы бірлікпен тұрақтылықты қалыптастыру, этносаралық қатынастарды дамыту» әлеуметтік қызметтерін жүзеге асыру қызметі бойынша:
Растау құжаттарының электрондық көшірмесіне (сілтеме) - 2799898тг көлеміндегі жұмыстың орындалу актісі ғана енгізген. (Куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлігіне 3050929тг көлеміндегі шот-фактура енгізген, жұмыстың орындалу актісінің сомасымен сәйкес келмейді).

Төртіншіден,

«Қазақстан жастар фракциясы»ҚҚ, «QAZAQSTAN JASTARY» ҚҚ екеуі ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес, мүдделес деп ойлаймын және екі қатысушыда бір **ip-адрес арқылы** қатысып отыр деп есептеймін, оған дәлел бір уақытта өтінім беруі:

Әлеуетті өнім беруші мен әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасының бір конкурс (аукцион) лотына қатысуға құқығы жоқ

(Потенциальный поставщик и аффилиированное лицо потенциального поставщика не имеют права участвовать в одном лоте конкурса (аукциона)).

Осы Заңның 5-тармағына сәйкес: Уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы осы баптың талаптарын бұзушылық фактілері анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде:

1) егер осындай факт мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін анықталған болса, тапсырыс берушіні;

2) егер осындай факт мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін анықталған болса, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыны жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте осы фактіні растайтын құжаттардың көшірмелері хабарламаға қоса берілуге тиіс.

Осы Заңның 6-тармағында: Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлері сақтандыру шартын жасасуға байланысты көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес.

Егер екі қатысушыда мүдделес болып, қылмыстық іс болып табылған жағдайда: Екі қатысушыны жосықсыздар тізіміне енгізуді, бүгінгі күнге дейінгі мемлекеттік сатып алу бойынша жасасқан келісім-шарттарын бұзуды және құрылтайшыларына бүгінгі күнге дейінгі конкурстарға зиянын тигізгені үшін Заң аясында айыппұл салуды сұраймын.

Сізден, осы заң бұзушылықтың алдын алып, тиісті балл есептеуді қайта қарап беруіңізді сұраймын.

Төменде, скринделген құжаттар жолданды, 3-парақта.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №5566610-ГС31 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасы

Конкурсқа қатысуға мынадай өтінімдерге рұқсат етілген: 4

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН
1	"Қазалы ынтымағы" ҚБ	010940013144
2	"ҚАЗАЛЫ-ЖОМАРТ" ҚБ	170240001791
3	"САУАЛ" әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы" ҚБ	150140013567
4	"Қазақстан жастар фракциясы" қоғамдық қоры	170840022309

Қағиданың 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау критерийлері								Жалпы балл	Шартты төмендеудің мөлшері, %
			Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі	Тапсырыс берушімен сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес)	тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)	Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір критерий ғана алынады)	Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы	Жобаны белгілі бір аума?та (астана, республикалы?ма?ызы бар ?ала, облыс аудан, ?ала) іске асыр?ан жа?дайда – ?кіметтік емес ?йымны? тиісті ??ірдегі ж?мыс т?жірибесі	?леуметтік жобаны ж?не (немесе) ?леуметтік ба?дарламаны іске асыру?а тартылатын мамандарды?** т?жірибесі мен біліктілігі (Мемлекеттік ?леуметтік тапсырыс стандарттарына (?Р ?о?амды? даму министрліні? 2018 жыл?ы 15 тамызда?ы № 19 б?йры?ымен бекітілген Мемлекеттік ?леуметтік тапсырыс стандартына с?йкес (?аза?стан Республикасы ?ділет министрлігінде 2018 жыл?ы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1	"QAZAQSTAN JASTARY" ҚҚ	140640001631	2	2	6	0	0	6	0	0	16	10
2	"Қазалы ынтымағы" ҚБ	010940013144	2	2	6	2	1	6	0	0	19	20
3	"ҚАЗАЛЫ-ЖОМАРТ" ҚБ	170240001791	2	2	3	2	2	6	0	0	17	10
4	"САУАЛ" әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы" ҚБ	150140013567	2	2	6	2	2	6	0	0	20	20
5	"Қазақстан жастар фракциясы" қоғамдық қоры	170840022309	2	2	6	2	2	6	0	0	20	20

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	"САУАЛ" әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы" ҚБ	150140013567	1785714.28	1428571.43	20	1142857.14	3ж.	31.03.2021 00:17:17
2	"Қазақстан жастар фракциясы" қоғамдық қоры	170840022309	1785714.28	1428571.43	20	1142857.14	3ж.	31.03.2021 20:22:27
3	"Қазалы ынтымағы" ҚБ	010940013144	1785714.28	1428572	20	1142857.6	1ж.	30.03.2021 11:22:50
4	"ҚАЗАЛЫ-ЖОМАРТ" ҚБ	170240001791	1785714.28	1428571.43	10	1285714.29	3ж.	17.03.2021 11:06:45
	"QAZAQSTAN JASTARY" ҚҚ	140640001631	1785714.28	1428571.43	10	1285714.29		31.03.2021 20:17:29

1. №**43212405-ГС31** лот бойынша жеңімпазды айқындау: **"САУАЛ" әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы" ҚБ**, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "Қазақстан жастар фракциясы" қоғамдық қоры.2. Тапсырыс беруші "Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі" КММ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "САУАЛ" әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы" ҚБ-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

Ескерту:
* Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады.
Тиісті өнірде жұмыс тәжірибесін растау үшін Тапсырыс берушінің ресми хаты қосымша беріледі.
** Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар болып танылады.

1.Техникалық ерекшеліктердің ұсынуы (қосымша іс-шаралар бойынша) – **балл беруді**?

2. Егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі бойынша – **балл беруді**?

3. «САУАЛ» ҚБ бойынша жұмыс тәжірибесі және еңбек ресурстары туралы мәліметтері бойынша - балл беруді?

4. «Қазақстан жастар фракциясы»ҚҚ және «QAZAQSTAN JASTARY» ҚҚ бойынша **ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңының 6-бабы бойынша** құжаттарын қайта қарап беруді сұраймын?.

2	2018 жылға «Әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық-саяси ахуалын, халықтың көңіл-күйіне талдау жүргізу»	КАЗАХСТАН Кызылординская область, Казалинский район, Айтеке би п.а., п.Айтеке би, Тупик КАШАКБАЙ ПИРИМОВ, 5	Коммунальное государственное учреждение "Отдел внутренней политики Казалинского района"	с 2018 март по 2018 декабрь	Дополнительное соглашение к договору №23 от 16.03.2018г 1 23.10.2018	2018 доп договор 1.pdf 2018 договор.pdf
3	2019 году «Рассмотрение душевное состояние народа через социальной сети» социальное услуги	КАЗАХСТАН Кызылординская область, Казалинский район, Айтеке би п.а., п.Айтеке би, ПРИМОВА, 5	Коммунальное государственное учреждение "Отдел внутренней политики Казалинского района"	с 2019 май по 2019 декабрь	Договор 22 15.05.2019	2019 договор 22 от 15.05.19г.pdf
4	2020 жылға «Үкіметтік емес ұйымдардың дамуына ықпал ету және үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық-ресурс орталығын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы	КАЗАХСТАН Қызылорда облысы, Қазалы ауданы	«Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	с 2020 апрель по 2020 ноябрь	Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт 29 06.04.2020	2020АктНпо.pdf
5	"Қазалы ауданы бойынша 2020 жылы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру" қызметі	КАЗАХСТАН Қызылорда облысы, Қазалы ауданы	«Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	с 2020 март по 2020 декабрь	Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт 01 21.10.2020	2020АктМолодежь.pdf
6	«Қоғамдағы бірлік пен тұрақтылықты қалыптастыру, этносаралық қатынастарды дамыту» әлеуметтік қызметтерін жүзеге асыру қызметі	КАЗАХСТАН Қызылорда облысы, Қазалы ауданы	«Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	с 2020 март по 2020 декабрь	Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт 01 20.10.2020	2020АктМежэтнос.pdf

Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын

Ескерту

1. Егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады. Салық кодексінің 397-бабында көзделген көрсетілетін қызметтерге байланысты, сондай-ақ есебі сертификатталған есепке алу жүйелері (аспаптар) арқылы жүргізілетін қызметтерді, оның ішінде коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау) және байланыс қызметтерін көрсетуге байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар шот-фактураның электрондық көшірмесі болып табылады. 2. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растау құжаттарының электрондық көшірмелерін бермеуге де болады. 3. Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс. 4. Жұмыс өтілі бойынша талап бар болған жағдайда, қызметкердің жұмыс өтілін растайтын құжат бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірменің немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады. Бұл ретте қызметкердің соңғы он жылдағы өтілі ескеріледі. 5. Материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шартының электрондық көшірмелерін ұсынуға жол берілмейді. 6. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде көрсетілетін қызметтің аяқталған жылы танылады. 7. Осы қосымшаның қаржылық тұрақтылығы бөлігінде 2-тармағының, 4, 5 және 6-тармақтарының талаптары қосалқы мердігерлерге қолданылмайды.

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі.
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты

Конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасы. Біліктілік туралы мәліметтердің типтік формасы: «САУАЛ» ҚБ бойынша жұмыс тәжірибесі және еңбек ресурстары туралы мәліметтері